«КЕЛІСІЛДІ»
ШҚО мәдениет басқармасы
«А.С. Пушкин атындағы
ШҚО кітапханасы» КММ
директоры
_____Тлеубекова Н.Е.

ШҚО мәдениет басқармасы «А.С. Пушкин атындағы ШҚО кітапханасы» КММ-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМАСЫ

Өскемен қаласы **20.12.2024 жыл**

ШҚО мәдениет басқармасының «А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс тобы ШҚО мәдениет басқармасының «А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

ШҚО мәдениет басқармасының «А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ (бұдан әрі – Кітапхана) қызметінде **2024 жылға** сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» және ШҚО мәдениет басқармасының «А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ директорының 03.01.2024 жылғы №09-ОД «ШҚО мәдениет басқармасының «А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ-ның «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобын құру туралы» бұйрығы және «ШҚО мәдениет басқармасының «А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ-ның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы» ережесі негізінде жүргізілді.

Мекеме өз қызметінде Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №207 «Мәдениет туралы», 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы», 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221-III «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы №615 «Дүлей зілзалалар мен авариялар салдарынан физикалық немесе моральдық тозуынан жарамсыз болған мемлекеттік мүліктің жекелеген түрлерінің бұзылуын және жойылуын ресімдеу қағидасын бекіту туралы» қаулысын және т. б. басшылыққа алады.

«Тексеру бойынша ақпарат»

1. Кітапханада рұқсат беру функциялары жоқ.
2. Кітапхананың бақылау функцияларын жүзеге асыруы қарастырылмаған.
3. 2024 жылы кітапхананың қаржы-шаруашылық қызметін тексеру жүргізілмеді, тексеру актілері жоқ.

«Қызметкерлерді басқару»

ШҚО мәдениет басқармасының «А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ-нің (бұдан әрі – Кітапхана) қызметі халыққа, кәсіпорындар мен мекемелерге кітапханалық-ақпараттық, білім беру-демалыс қызметтерін ұйымдастыруға бағытталған, бұл Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының талаптарымен және ҚР басқа да заңнамалық актілерінің кітапхана ісі бөлігінде айқындалады. Мақсатқа жету үшін Кітапхана 4 қызмет түрін жүзеге асырады:

1. дәстүрлі баспа және қазіргі заманғы электрондық басылымдарды қамтитын сапалы кітапхана қорларын қалыптастыру;
2. халыққа жаңа қызметтерді іске асыру үшін қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу;
3. халыққа ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету тиімділігін жақсарту үшін материалдық-техникалық және технологиялық базаны нығайту;
4. облыстың кітапхана мамандарының кәсіби біліктілігін арттыру.

Штат саны 104 әкімшілік қызметшіні құрайды. 2024 жылы қызметшілердің нақты саны – 94 адам. 10 бос жұмыс орны бар: кітапханашы – 7, жүргізуші – 2, көшірмелеу-көбейту бюросы секторының жетекшісі.

Кітапхана қызметкерлерінің сапалық құрамын талдайтын болсақ: орташа жас 40 жасты құрайтынын атап өткен жөн. Зейнеткерлік жастағы қызметкерлер – 17 (кітапханашы – 6). Ұлттық құрамы бойынша 87,2% – қазақ, 10,6% – орыс, 1,06% – татар, 1,06% – әзірбайжан.

2024 жылы басқа лауазымға ауысқандар – 2 адам. Өз еркімен жұмыстан босатылғандар – 15 қызметкер. Жұмысқа қабылданғандар – 13 қызметкер. Жүктілік пен бала күтіміне байланысты демалыста – 4;

Жұмысқа қабылдау кезінде кадрлар жөніндегі маман қызметкерлердің жеке істерін тексеріп, толтырады, ал құжаттарды тексеру кезінде egov.kz «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ деректері пайдаланылады.

Тәртіптік практиканы талдай отырып, Кітапхана қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, еңбек заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмағанын атап өтеміз.

Осылайша, Кітапхана қызметшілерінің қызметі Қазақстан Республикасының «Мәдениет» заңдарын, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы», «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Кодекстерін іске асыруға, азаматтық қызметшілердің қызметтік әдеп кодексінің ережелерін білуге және сақтауға бағытталған, бұл олардың кәсіби қызметі мен еңбек қызметінің сапасын бағалау критерийлерінің бірі болып табылады.

Жалпы, Кітапхана қызметкерлерінің жұмысы қойылған функциялар мен міндеттерді іске асыруға бағытталған.

Ішкі талдау барысында персоналды басқару саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

«Мемлекеттік сатып алулар»

2024 жылы ШҚО мәдениет басқармасының «А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ мемлекеттік сатып алу өткізді, оның ішінде:

- Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен - 17;
- Өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден - 16;
- Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден - 5;
- Электрондық магазин - 20;
- Шекті келісімді пайдалана отырып Конкурстың екінші кезеңі - 2;
- Ашық конкурс - 2

Барлық мемлекеттік сатып алулар бұзушылықсыз өткізілді.

ШҚО мәдениет басқармасының «А. С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысы туралы ақпарат

ШҚО мәдениет басқармасының «А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасы» КММ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша белгілі бір жұмыстарды жүзеге асырады. Мәселен, келесі арнайы комиссиялар жұмысын жалғастыруда: мемлекеттік сатып алуды өткізу бойынша; кітапхананың негізгі құралдарынан тауарлық-материалдық құндылықтарын есептен шығару бойынша; құндылығы төмен және жылдам тозатын заттарды есептен шығару бойынша; мазмұны және физикалық жағдайы ескірген баспа туындыларын кітапхана қорынан іріктеу және алып тастау бойынша; кітапхана қызметінде жинақталған құжаттарды сақтауға және жоюға сапалы іріктеу бойынша; кітапхана қызметкерлерінің еңбек өтілін есептеу бойынша. Бұл комиссиялардың құрамына: кәсіподақ ұйымының өкілі, заңгер, құрылымдық бөлімшелер мен әкімшілік-шаруашылық бөлімі жетекшілері енеді. Мұндай жұмыс кітапхана қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға мүмкіндік береді.

Тауарлар мен қызметтерді сатып алу мемлекеттік сатып алу порталында жүзеге асырылады, онда барлық рәсімдер ашық және қаржы, салық органдары тарапынан камералық бақылаудан өтеді.

Кітапхана ақылы қызмет көрсетпейді, барлық қызметтер барлық адамдар үшін жасына және әлеуметтік жағдайына қарамастан ақысыз. Олардың арасында тек ақпараттық қызмет көрсету ғана емес, сонымен қатар электронды сауаттылық, электронды үкімет порталын пайдалану, электронды цифрлық кілтке өтінім ресімдеу және басқа да онлайн мемлекеттік қызметтер алуға арналған тренингтер бар. Компьютерлік дизайн, фото- және видео- түсіру және монтаждау, бағдарламалау, 3D - принтинг, робототехника, сурет салу және т. б. бойынша ақысыз оқыту ұйымдастырылады. Сонымен қатар, ақысыз негізде қазақ, ағылшын, неміс, француз тілдерін үйренушілерге қолдау көрсететін оқыту бағдарламалары ұйымдастырылады. Ақысыз психолог және заңгер (азаматтық құқық бойынша) кеңестері ұсынылады.

Кітапхананың барлық пайдаланушылары барлық ақпараттық және материалдық-техникалық ресурстарға (компьютерлер, сканер, 3D-принтерлер, LEGO конструкторлар, пианино, жиһаз және т.б.) еркін қол жеткізе алады.

Сыбайлас жемқорлықтың туындау қаупінің бірі – кітапхананың барлық қызметтерінің ақысыз ұсынылатындығы жайлы халықтың жеткіліксіз хабардар етілуі. Бұл кітапхана пайдаланушыларының кітапхана қызметкерлеріне ақылы кеңес, тренинг, іс-шараларға қатысу және т.б. бойынша өтініш жасауларына әкелуі мүмкін. Сондықтан кітапхананың ресурстары мен қызметтері туралы халықтың хабардар болуын қамтамасыз ету мақсатында кітапхана веб-сайты мен әлеуметтік желілер пайдаланылады, сондай-ақ, таныстыру экскурсиялары мен жарнамалық акциялар өткізіледі. Мысалы, халықты кеңінен қамту мақсатында 2024 жылы Император СҮ-де кітапханалық қызметтердің жарнамалық акциясы өткізілді. Қала мен облыстың оқу орындарына: мектептерге, колледждерге, жоғары оқу орындарына тұрақты көшпелі жарнамалық кампаниялар ұйымдастырылады. Кітапхана өз қызметтері мен мүмкіндіктерін ілгерілету үшін бұқаралық ақпарат құралдарымен, соның ішінде жергілікті теледидар арналарымен белсенді жұмыс істейді. Ұйымдасқан топтар үшін (әртүрлі ведомстволардың мамандары: мұғалімдер, әлеуметтік қызметкерлер, кітапханашылар, қоғамдық ұйымдардың, құқық қорғау органдарының өкілдері) кітапхананың қызметтері мен ресурстарына арналған ақпараттық семинарлар өткізіледі.

Кітапханада «Шығыс – адалдық алаңы» және «Парасат жолы» жобасы аясында бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды. Олар: кітапхананың анықтамалық-ақпараттық қызметтерін көрсететін бейнероликтер, e.gov.kz электронды үкімет сайтында көрсетілетін қызметтерге арналған онлайн тренингтер, әдебиеттерге шолу, тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жою, азаматтар үшін қолайлы жағдай жасау, ашықтық, ақпараттың қолжетімділігіне бағытталған заңгердің онлайн кеңестері, жазушылармен, қоғам қайраткерлерімен кездесулер және т.б. ұсынатын бейнероликтер.

Бүгінгі таңда қызмет ұсынушылармен тікелей байланыс мүмкіндігі жоқ, сол арқылы сыбайлас жемқорлық қаупін азайтатын қызметтерді онлайн-кеңістікке ауыстыру үрдісі дамуда. Кітапхана осы бағытта да белсенді жұмыс атқаруда: күн сайын кітапхана веб-сайты толықтырылып отырады, ондағы электронды каталогтан кітапхана пайдаланушылары кітапхананың барлық қоры мен әдебиеттердің жаңа түсімдерін көре алады.

Сондай-ақ, сайтта өткізілетін көпшілік іс-шаралар, клуб-үйірме қызметі және жедел байланыс мәліметтері тәрізді кітапхананың ағымдағы қызметі жайлы толық ақпарат ұсынылады. Тұрғындардың кітапхана қызметін қашықтан пайдалану мүмкіндігі бар: виртуалды анықтамалық қызмет, құжаттардың электронды жеткізілімі, кітаптарды онлайн ұзарту, онлайн заңгер кеңесі және т. б.

Кітапханада жеке компьютер және интернетке қол жеткізу мүмкіндігі жоқ Өскемен қаласының тұрғындары үшін ХҚКО-ның (ШҚО бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы») Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді. Кеңес беруді кітапхана мамандары жүзеге асырады. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышының әрбір келушісі электронды үкімет қызметтерін пайдалану бойынша экспресс-тренингтен өте алады. eGov.kz электронды үкімет порталымен жұмыс бойынша 20-дан астам алгоритм әзірленген.

Заңгер-кеңесші **Асаинов М.Б.**